

Г.К. Бейсенбаева<sup>1</sup>, А.Д. Касенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD-докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы, E-mail: [B-gulnaz\\_80@mail.ru](mailto:B-gulnaz_80@mail.ru)

<sup>2</sup>т.ғ.к., Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
Алматы, Қазақстан Республикасы, E-mail: [asema\\_94@mail.ru](mailto:asema_94@mail.ru)

## МЕКТЕПТЕ ТАРИХ САБАҒЫНДА ТАС МҮСІНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада жаңартылған білім беру жүйесі аясында мектепте тарих пәнінен тас мүсіндерді оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың әдістемесі ұсынылады. Тарих пәні бойынша оқушыларға тақырыпты меңгерту, олардың қызығушылықтарын арттыру және зерттеушілік қабілеттерін арттыру үшін білім берудегі цифрландыру тренді қолданудың артықшылықтары бар. Бұл артықшылықтар оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылық және қажетті дағды-ларды дамыту принципіне сүйенеді. Тарих сабағында тақырыпты өтуде цифрлық платформа-лардың мүмкіндіктерін қолдану арқылы платформаларда сабақ өту, тапсырма орындатып, виртуальды музейлерге саясат жасауға болады. Сондықтан да цифрландыру тренді білім беру саласын дамыту құралы ретінде үлкен маңызға ие. Оқушылар цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып өздерінің зерттеу жобаларын әзірлеуіне мүмкіндік алады және олардың тарихи-мәдени жәдігерлерді құрметтеуге баулуға болады. Мақаланың мақсаты – тас мүсіндерге қатысты ғылыми мәліметтерді жүйелеу, мектеп бағдарламасында оқытудың цифрлық мүмкіндік-терін қолданудың әдістемесін жасау. Мақалада тарихты оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жүргізген ресейлік, отандық ғалымдардың ғылыми-педагогикалық еңбектеріне талдау жасалады және қазақстандық археологтардың түркілік кезеңдегі тас мүсіндер туралы зерттеулерін басшы-лыққа алып, ақпарат қоры толықтырылады. Мақаланың әдіснамалық негізі ретінде ғылыми зерттеудің теориялық әдістері (индукция, дедукция, синтез) басшылыққа алынды.

**Кілт сөздер:** тарих, әдістеме, цифрлық технология, тас мүсіндер, оқыту, тапсырмалар, оқушы, тренд.

Бейсенбаева Г.К. <sup>1</sup>, Касенова А.Д. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD-докторант, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Республика Казахстан, E-mail: [B-gulnaz\\_80@mail.ru](mailto:B-gulnaz_80@mail.ru),

<sup>2</sup>кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник,  
Институт археологии им. А.Х. Марғұлана, Алматы, Республика Казахстан,  
E-mail: [asema\\_94@mail.ru](mailto:asema_94@mail.ru),

## МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КАМЕННЫХ СКУЛЬПТУР НА ШКОЛЬНЫХ УРОКАХ ИСТОРИИ

### Аннотация

В статье предлагается методика применения цифровых технологий при обучении каменным скульптурам по истории в школе в рамках обновленной системы образования. Изучение истории дает учащимся преимущества использования тенденции цифровизации в образовании для освоения темы, повышения их интереса и повышения исследовательских способностей. Эти преимущества основаны на принципе развития творческого мышления

учащихся, творчества и необходимых навыков. Используя возможности цифровых платформ для прохождения темы на уроках истории, можно проводить уроки на платформах, выполнять задания и создавать политики для виртуальных музеев. Поэтому тренд цифровизации имеет большое значение как инструмент развития сферы образования. Учащиеся имеют возможность разрабатывать свои собственные исследовательские проекты, используя возможности цифровых технологий, и могут быть привлечены к уважению их историко-культурных реликвий. Цель статьи-систематизация науч-ных данных, касающихся каменных скульптур, разработка методики использования цифровых возможностей обучения в школьной программе. В статье будет проведен анализ научно-педагогических работ российских, отечественных ученых, проводивших исследования по методике преподавания истории, и пополнен информационный фонд, руководствуясь исследова-ниями казахстанских археологов о каменных скульптурах тюркского периода. В качестве методологической основы статьи руководствовались теоретические методы научного исследова-ния (индукция, дедукция, синтез).

**Ключевые слова:** история, методология, цифровые технологии, каменные скульптуры, обучение, задания, ученик, тренд.

*Beisenbayeva G.K.*<sup>1\*</sup>, *Kassenova A.D.*<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan,*

*E-mail: [B-gulnaz\\_80@mail.ru](mailto:B-gulnaz_80@mail.ru)*

<sup>2</sup>*candidate of Historical Sciences, Leading researcher A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan, E-mail: [asema\\_94@mail.ru](mailto:asema_94@mail.ru)*

## **THE METHODOLOGY OF USING DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE STUDY OF STONE SCULPTURES IN SCHOOL HISTORY LESSONS**

### *Abstract*

The article proposes a methodology for the use of digital technologies in teaching stone sculpture in history at school within the framework of the updated education system. Studying history gives students the benefits of using the trend of digitalization in education to master the topic, increase their interest and enhance their research abilities. These advantages are based on the principle of developing students' creative thinking, creativity and necessary skills. Using the capabilities of digital platforms to cover the topic in history lessons, you can conduct lessons on platforms, complete tasks and create policies for virtual museums. Therefore, the trend of digitalization is of great importance as a tool for the development of the education sector. Students have the opportunity to develop their own research projects using the possibilities of digital technologies, and can be attracted to respect their historical and cultural relics. The purpose of the article is to systematize scientific data concerning stone sculptures, to develop a methodology for using digital learning opportunities in the school curriculum. The article will analyze the scientific and pedagogical works of Russian and domestic scientists who conducted research on the methodology of teaching history, and replenish the information fund, guided by the research of Kazakh archaeologists on stone sculptures of the Turkic period. Theoretical methods of scientific research (induction, deduction, synthesis) were used as the methodological basis of the article.

**Keywords:** history, methodology, digital technologies, stone sculptures, training, tasks, student, trend.

**Кіріспе.** Жаңартылған білім беру жүйесінде тарих пәнін оқытудың әдістемесіне өзгерістер еніп, жаңа құндылықтар мен технологияларды және инновацияларды енгізудің қажеттілігі артуда. Бұл қажеттілік бүгінгі таңда тарих пәнін оқыту тек оқулық шеңберінде ғана емес, әлемдік деңгейдегі трендтерді қолданудың маңыздылығын білдіреді. Білім берудегі трендтер оқушылар-дың тарих пәні бойынша оқу процесін жетілдіріп, оқушылардың пәнге деген

қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Демек, әлемдік білім беру трендтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқу-шының жан-жақты білімін дамытуға қол жеткізуге болады. Бүгінде ақпараттық әлемде білім беруді цифрландыру күн сайып дамып, оң өзгерістерге алып келуде. Оған дәлел 2022 жылы Статистикалық зерттеулер және білім экономикасы институты сарапшылары «Ғылым мен технология саласының адами әлеуеті» жобасы аясында жүргізген зерттеулерінде білім беруде цифрлық технологияларды енгізудің көрсеткішін анықтаған. Зерттеулер көрсеткендей бірінші орында гуманитарлық салада цифрлық технологияларды енгізу иеленген [1]. Бұл дегеніміз цифр-лық технологиялардың оқушылардың дамуына, заманауи білім алуына және жеке прогресіне әсер ететінін білдіреді. Сонымен қатар әлемнің дамыған мемлекеттері де білім берудің басты құралы ретінде цифрландырудың мүмкіндіктерін пайдаланады.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жж. арналған тұжырымдама-сының мазмұны да білім алушылардың пәндік және негізгі құзыреттерді мектепте қалыптастыру-ды көздейді [2]. Мектеп оқушыға білім берумен қатар олардың құзыреттерін де қалыптастырушы орта болғандықтан әрбір пән бойынша оқу мақсаттарына назар аудара отырып, жаңа ақпаратпен толықтыруды көздейді. Осы ретте ҚР президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2021 жылғы мектептегі тарих оқулығына қатысты көтерген мәселесінде кейбір тарихи фактілер мен оқиғаларда бірізділіктің жоқтығын және сын көтермейтін тұстарының барын айтқан болатын [3]. Демек, бұл кез келген тарихи факті ешбір бұрмалаусыз оқушыға ұсынылуы керектігін білдіреді. Сол үшін де тарих пәні бойынша көптеген тақырыптар соңғы жылдары ашылған ғылыми жаңалықтармен толықтырылып отыруды қажет етеді.

Тарихты оқыту әдістемесі оқушының тақырып бойынша білімді терең меңгеруі, оның сыни және зерттеушілік қабілетін арттыруға бағытталуы керек. Пән мұғалімі оқушыға қажетті білім беру және оқуын жақсартуда дәлелденген әдістемелерге сүйенеді [4, 85-б.]. Тақырып аясында оқушыны қызықтыру, олардың өз мүмкіндіктерін толықтай пайдалануына ықпал етуде педагогика саласындағы халықаралық сарапшы Э.А. Исаи ұсынған тұжырымды қолдауға болады: «Оқушылар пән бойынша мәліметтерді оқып ғана қоймай, оны болашақта қандай мақсатта қолдануға болатынын білуі қажет. Сонда ғана оқушы оқу бағдарламасындағы білімді меңгеріп ғана қоймайды, сонымен қатар оқу кезінде ашылатын мүмкіндіктерді өз бетінше зерттеуге ынталы болады» [5].

Мектепте тарих пәні бойынша тас мүсіндерді оқытудың ғылыми маңызы оқушылардың атал-ған жәдігерлер туралы тарихи білімдерін кеңейту және мәдени маңызын түсіндіру болып табы-лады. Сонымен қатар, тарихты оқыту әдістемесінде жекелеген тақырыптарды оқытуда цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушыларды пәнге қызықтыру және зерттеушілік қабілеттерін арттыру. Жалпы, ғалымдар арасында мектеп тарих пәні бойынша жекелеген тақырыптарды оқыту әдістемесі қалыптасқан, бірақ тас мүсіндерді оқытуда цифрлық технологияларды қолдану, осы негізде тапсырмалар құрастыру мақала ретінде алғашқы рет ұсынылуы оның өзектілігін артты-рады. Мақала тарихты оқытудың әдістемесін ұсынумен қатар тас мүсіндерді оқытуда цифрлық технологияның артықшылықтарын пайдалана отырып, оқушыға тақырыпты қызықты етіп ұсынуға бағытталған.

**Материалдар және әдістер.** Мақаланың мақсатына жету үшін ғылыми зерттеудің эмперика-лық және теориялық әдістерін басшылыққа ала отырып, оның ішінде тақырыпқа қатысты әдебиеттерге ғылыми-педагогикалық бағытта талдау жасалып, ғылыми негізі анықталды. Соны-мен қатар, таным теориясы негізінде зерттеудің ғылыми әдістерінің шынайылық, тарихилық және салыстырмалы-тарихи қағидаттары қолданылды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерден ең алдымен тарихты оқытудағы цифрлық технология-ларды қолдану әдістемесіне қатысты Ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалды.

Тақырып аясында цифрлық технологияларды тарихты оқытудағы маңыздылығына қатысты ресейлік зерттеушілердің арасында ғылыми түрде негізделген еңбектер бар. Олардың қатарында В.И. Токареваның [6] тарих пәнінен цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың

мүмкіндіктері туралы; Н.В. Димова [7], М.М. Рябова [8] және Е.А. Куцеваның [9] тарих сабағындағы цифрлық ресурстарды қолданудың ерекшеліктері туралы мақалаларын жатқызуға болады. Аталған автор-лардың оқу үдерісіне қатысты осы сияқты педагогикалық зерттеулерде қалыптасқан ұстанымдар басшылыққа алынды.

Отандық зерттеушілер арасында мектепте тарих пәні бойынша тас мүсіндерді оқыту әдісте-месіне қатысты жазылған еңбектерді кездестірмедік. Бірақ, тарихты оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми негіздеген ғалымдар бар. Олардың қатарында мектепте тарихты оқытуда жекелеген тақырыптар бойынша іргелі зерттеулер жүргізген Б.Қ. Әбдіғұлова, Х. Тұрсын, Б.Т. Берлібаев, Қ. Құнапина, Г.Б. Қозғамбаева, А.Қ. Мыңбаева т.б. еңбектері бар. Аталған зерттеу-шілер бүгінгі таңда да тарихты оқытудың жаңартылған білім беру жүйесінде де инновациялық технологияларды қолдану мәселелеріне назар аударды. Жалпы, тарихты оқытуға қатысты тың идеялар мен ұсыныстар бірқатар отандық ғалым-әдіскерлердің зерттеулері мен оқулық, оқу-әдістемелік құралдарында көрініс тапқан болатын. Ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасай отырып, мектеп бағдарламасындағы оқулықтардың мазмұнына талдау жасаймыз.

Мектеп бағдарламасындағы тарих пәні бойынша тас мүсіндерді оқыту әдістемесіне қатысты оқулықтарға талдау жасау арқылы тақырыптардың қаншалықты берілгеніне назар аударамыз. Тас мүсіндерге қатысты тақырыптар 5, 6, 10 сыныптарға арналған мектеп оқулықтарында кездеседі. Енді осы оқулықтарда тас мүсіндер (балбал тастар) туралы ақпараттарға шолу жасаймыз: 5-сыныпқа арналған тарих оқулығында қола, ерте металл дәуіріндегі тайпалардың діни түсінігіне қатысты тақырыптарда нақты балбал тастар туралы ақпарат берілмесе де олардың жерлеу ғұрып-тарына қатысты мәліметтер кездеседі. Осы ретте ғылыми зерттеулерде тас мүсіндерді жерлеу орындарының жанында белгі ретінде орналасатынын ескеріп, қосымша ақпараттармен толық-тырудың қажеттілігі бар деп есептейміз.

Мектеп бағдарламасындағы 6-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығында «VI-IX ғғ. түркілердің шаруашылығы» тақырыбында тас мүсіндерге қатысты ақпарат кездеседі. Онда түркі-лік кезеңдегі балбал тастарда ер адамдарды бейнелейтіні, ал әйелдер бейнесі өте сирек кездесетіні жазылған. Жалпы, ғылыми еңбектерде тас мүсіндер түркі тайпаларында ата-бабаларын еске алу белгісі емес, ас беретін немесе рәсім орындалатын жерге қойылған белгі ретінде де қарастыруға болады. Көбінесе түркілік кезеңдегі тас мүсіндерде соғыста қаза тапқан батырлардың (қолында қару ұстаған) бейнесі бейнеленген. Ал 10-сыныпқа арналған оқулықта нақты балбал тастар туралы ақпарат берілмегенімен, қола кезеңіндегі тайпалардың жерлеу ғұрпында «балбал» тастар туралы нақты ақпарат берілмесе де жалпы сол кезеңдегі тайпалардың діни түсінігі мен жерлеу ғұрпына қатысты мәліметтер ұсынылған.

Жалпы оқулықтарға жасалған талдаулардан Қазақстан аумағындағы тас мүсіндер туралы мәлі-меттердің аз кездесетіні анықталды. Демек, оқулықтағы ақпаратты толықтыру үшін және қосымша мәліметтер ретінде археолог-ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сілтеме жасап, толықтырамыз.

Қазақстанның барлық аумағынан табылған тас мүсіндер туралы жүргізілген зерттеулер саны ауқымды әрі бай ғылыми негізді құрайды. Отандық археологтар тас мүсіндерді кезеңдері бойын-ша бірнеше топқа бөліп, олардың сыртқы пішімі, көлемі, кескінделуіне қатысты ерекшеліктерімен топтастырған. Сондықтан да отандық археологтардың осы бағыттағы зерттеулерінен көптеген ғылыми құнды мәліметтер ала аламыз.

Алғашқы зерттеулер XIX ғ. орыс жиһангездері мен саяхатшыларының арасында В.В. Бартольд, В. Каллаур, А. Бернштам, И. Кастанье т.б. еңбектерінен белгілі. Олар археологиялық ескерткіштерді ғана емес балбал тастарды да зерттеп, ғылыми негізде құндылығын бағалады.

Тас мүсіндер туралы қазақстандық ғалымдар арасындағы алғашқы зерттеулер Ә.Х. Марғұлан-ның жетекшілігімен ашылған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы барысында белгілі болды. Ол 1946 жылы Ақсай және Атасу өзендерінің солтүстігінен 20 км

жерде тас мүсіндерді ашты. Зерттеу жұмыстарының келесі кезеңінде, яғни 1947 жылы Тоғызбай, Жетіқыз өзендерінен, Қорғантас, Жылысай өңірі мен Мық тауынан тас мүсіндерді анықтады.

1946-1947 жылдары аталған экспедиция Сарысу өзені мен Ұлытау өңірінен ортағасырларға тән қолында ыдыс ұстаған қарулы жауынгер бейнеленген тас мүсіндерді анықтады.

1948 жылы Ә. Марғұлан Ұлытау баурайынан 10-ға жуық тас мүсіндерді анықтап, оланды көшпелілермен байланыстырып, мерзімделуін VI-VIII ғғ. деп көрсетеді [10, 14-б.]. Ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер» атты мақаласында Сарыарқа аймағындағы тас мүсіндердің таралу аймағы анықталған: батысы Торғай өзені мен Ұлытау таулары етегінен басталып шығысы Алтай мен Тарбағатай тауларына дейін деп сипатталған [11, 8-б.].

Сарыарқа өңіріндегі тас мүсіндер туралы зерттеулер археолог Ж. Құрманқұловтың еңбектерінде көрініс тапқан. Автор Сарыарқа өңіріндегі IX ғ. ортасы мен XIII ғ. басымен кезеңделетін қыпшақ тобына жататын 9 мүсінге зерттеу жүргізіп, ғылыми айналымға енгізеді. Жарияланған мүсіндерді иконографиялық ерекшеліктері талданған [12, 19-б.].

Еуразия даласындағы тас мүсіндер туралы іргелі зерттеулер Л.Н. Ермоленконың еңбектерінде көлемді түрде жазылған. Автор Қазақстанның барлық өңірлерінен табылған VI-XII ғғ. жататын тас мүсіндердің 120-на зерттеу жасап, олардың классификациясын ұсынады. Сонымен қатар, мүсіндерді сипаттамаларын ұсына отырып, олардың түркілік және қыпшақтық топқа жататын түрлерінің көркемдік ерекшеліктерін зерттейді [13].

Жамбыл өңіріндегі (Меркі, Жайсаң) балбал тас-тас мүсіндердер туралы зерттеулер археолог-ғалым А. Досымбаеваның еңбегінде кездеседі [14]. Аталған балбал тастар туралы бүгінде музей ашылып, онда 60-қа жуығы тарихи-мәдени мұра ретінде сақтаулы.

Өлкетанушы К. Байбосынов Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндерді зерттеп, жинақтаумен айналысты. Ғалымның зерттеулерінде түркі тайпаларының ата-бабаларының әруағын құрметтеп, еске алу үшін тас мүсіндермен қорғандар салды. К. Байбосынов тас мүсіндердің жайлау, тау бөктері мен шатқалдарда кездесуін салтты тек жаз кезінде ғана өткізген сияқты деген тұжырым жасайды [15]. Бұған дәлел ретінде А.Досымбаеваның Сандықтас шатқалынан табылған ескерткіштер кешені ретінде Меркі түркі ғибадатханасының тарихи-мәдени маңызы ерекше. Кешен – 250 шақырымды алып жатыр. Бұл ортағасырлық түркілердің мәдени-ғұрыптық кешені ретінде бұл ғұрыптық кешендер, тас мүсіндер мен балбал тастарды құрайды. 64 тас мүсін, оның ішінде 31-і әйел бейнесінде болған. Зерттеу нәтижесінде ғибадатхана құрамынан 38 мүсіндік кешен анықталған. Меркі ғұрыптық кешені қазіргі таңда ЮНЕСКО тізіміне енгізілуге үміткер тарихи ескерткіштің бірі.

Белгілі археолог Ә.Д. Қасенова Сарыарқа тарихи-географиялық аймағындағы түркілік кезеңге жататын тас мүсіндердің зерттелу тарихын 3 кезеңге бөледі. Бірінші кезеңде (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. I жартысы) тас мүсіндер туралы жалпылама ақпараттар жинақталу болды; екінші кезеңде (1946-1980) Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының басталуымен тас мүсіндерді арнайы зерттеу басталды; үшінші кезеңде (XX ғ. алғашқы онжылдығы мен қазіргі уақытқа дейін) барлық ескерткіштерді цифрлық технологиялардың көмегімен зерттеу және құжаттау жалғасуда [16, 47-б.]. Соңғы зерттеулер көрсеткендей қазақ даласында жерлеу дәстүріне байланысты тас мүсіндер қою XII-XIII ғғ. жойыла бастады. Оның болжамды себептерінің бірі ислам дінінің ықпалы. Осы кезеңде түркі тайпалары арасында жалпыдүниетанымда өзгерістер орын алды және оған жаңа дәстүрдің ықпалы болды [17, 56-б.]. Мақаланың әдіснама бөлімінде ғылыми әдебиеттер жасалған талдаулар мәселенің теориялық және практикалық негізін негіздеуде маңызды деп есептейміз.

**Мақсаты мен міндеттері.** Ғылыми мақаланың мақсаты – мектеп бағдарламасындағы тарих пәні бойынша оқушыларға тас мүсіндерді оқытудың әдістемесін жасау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалады:

- оқушыларға тас мүсіндердің тарихи-мәдени маңыздылығын түсіндіру;
- тас мүсіндер тақырыбын оқытуда цифрлық технологияларды қолдану және тапсырмалар орындату арқылы оқушыға білімді қызықты етіп беру;
- тас мүсіндерді оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу;

– оқушылардың бойында тарихи жәдігерлерді сақтау мәдениетін қалыптастыру;  
– цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін арттыру. Осы міндеттерді орындауда оқытудың әдістемелік жүйесі әзірленеді. Бұл тас мүсіндер туралы ақпараттарды жинақтау, қажетті платформаларды анықтау және оқушының шығарма-шылық қабілетін арттыруда қолданылады.

**Талқылау.** Тас мүсіндер – өткен заман мәдениетінен сақталған тарихи ескерткіштердің бірі [18, 183-б.]. Бүгінде бұл «балбал тас», «сын тас», «баба тас» секілді атаулармен аталады. Олар сыртқы пішімі, жасалу тәсілі, көркем бейнеленуі мен орналасуына қарай ерекшеленеді және олар еліміздің барлық өңірлерінде көптеп кездеседі. Тас мүсіндер қола, темір және орта ғасырға (түркі, қыпшақ дәуірі) тән, ал орналасуы жағынан адырлар аралығындағы алқаптарда, өзеннің жоғарғы террасаларында және басқа кезең ескерткіштерінің маңында жиі кездеседі [19, 11-б.]. Тас мүсіндерді зерттеу Еуразия даласында мекен еткен түркі халықтарының тарихы туралы ақпарат алуда, материалдық және рухани мәдениеттің дамуы кезеңдерін және этностар арасындағы байланысты түсінуде маңызды.

Тас мүсіндерді өнер туындысы және тарихи-мәдени мұра ретінде қарастыру арқылы түркі халықтарының рухани мәдениетіне тән ерекшеліктерді, наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары туралы ақпарат алуға болады.

Қыпшақ кезеңіне тән тас мүсіндер мен түркі кезеңіндегі тас мүсіндердің өзіндік ерекшеліктері болды. Л.Н. Ермоленко осы ерекшеліктерді өз еңбегінде былайшы түсіндіреді: қыпшақ тобына жататын тас мүсіндерде ер адамдардың бейнесі (қару ұстаған, киімі, скульптуралық бейнелері т.б.) көп кездеспейді, ал әйел, қыз бейнелері көп кездеседі. Ал түркілік кезеңдегі ескерткіштерде сол немесе оң қолына қару ұстаған жауынгер (семсер, белбеу т.б.), абыз бейнелері кездеседі [13, 47-б.]. Яғни, түркілік кезеңдегі мүсіндерде ер адамдар көп бейнеленген.

Тас мүсіндер уақыт өте келе бір кезеңнен екінші кезеңдер арасында өзара байланысты барын да анықтайды. Оған дәлел Орталық Қазақстандағы түркі кезеңіне тән тас мүсіндердің қола дәуірімен өзара қабаттасуы байқалады. Олар көбінесе қола дәуіріндегі қоныстар мен ескерткіштер сақталған жерлермен қабаттасып отырады. Бұл бірегейлікті академик А.Х. Марғұлан 1966 жылы жарық көрген мақаласында жазып, түркілік кезеңдегі тас мүсіндердің қалыптасып өркендеуіне қола дәуіріндегі ескерткіштердің әсерінен екенін көрсетеді» [11, 24-б.], - деп сипаттайды.

Жалпы тас мүсіндер кейпіндегі балбалдар Қазақстан, Моңғолия, Сібір бойы, Шығыс Түркістан, Кавказ даласында өте көп кездеседі. Ал Қазақстан аумағында жүргізілген зерттеулерден тас мүсіндердің Орталық Қазақстан (Ұлытау, Қарқаралы, Ақсу-Аюлы), Шығыс Қазақстан (Алтай, Тарбағатай), Батыс Қазақстан, Үстірт, Жамбыл облысы (Меркі, Жайсаң), Шу, Іле алқап-тары, Қаратау, Қырғыз Алатауы өңірлерінде кездеседі, бірақ ең жиі әрі жүйелі түрде орналасқан аймағы – Сарыарқа.

Сарыарқа өңіріндегі тас мүсіндер туралы зерттеулер сипаттама беру түрінде қазақтан шыққан ғалым-этнограф Ш.Уәлихановтың жазбаларында кездеседі. Ал М-С. Бабажанов 1862 жылы Маңғыстау өңіріндегі Жалғызшағыл деген жерден әйел адам бейнеленген тас мүсін тауып, оны Орыс императорлық география қоғамына өткізеді. Ал орыс зерттеушілерінен Г.Н. Потанин, В.В. Бартольд, И.Я. Словцов, А.В. Селиванов, Н.Я. Коншин, И.А. Кастанье т.б. өлкетанулық саяхаттарында қолжазба түрінде мәліметтер қалдырған. Кейіннен Д.Г. Савинов, А.С. Васютин, А.А. Чариков, Я.А. Шер осы зерттеу жұмыстарын жалғастырды.

Сарыарқаның тас мүсіндері туралы зерттеулер ХХ ғ. 40-50 жылдары алғаш рет Ә.Х. Марғұлан-ның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының ашылуымен байланысты. Одан кейінгі зерттеулерде отандық археологтардың ішінде К. Акишев, Л.Н. Ермоленко, Ж.Құрманқұлов, Қ.Сартқожаұлы, А.З. Бейсенов, А.Досымбаева, А.Касенова, Ә.Нұсқабай т.б. тарапынан жүргізілген.

Белгілі ғалым А.М. Досымбаева мен Ә. Нұсқабайдың еңбектерінде Құмай археологиялық-этнографиялық кешені туралы мәліметте кездеседі. Ғалымдар 2009 жылдан бастап Сарыарқаның солтүстігіндегі ортағасырлық тас мүсіндер туралы зерттеулермен айналысып

келеді. Көпжылғы зерттеулерінің нәтижесінде Ерейментау ауданы маңында Құмай археологиялық-этнографиялық кешені ашылды. Кешеннің ерекшелігі мұнда қола, ерте темір дәуірі мен түркілік кезеңге тән ескерткіштердің сақталуы. Ең ерекше назар аударатын ескерткіш Батыс Түркі кезеңіндегі б.з. I-VI ғғ. жататын балбал тастар [20, 52-б.]. Түркілік кезеңдегі ғұрыптық кешендер қаған, тархан т.б. билік иелерінің құрметіне арналып жасалды.


Көптеген ғалымдар тас мүсіндердің пайда болу себептеріне Түркі қағанатының күшейген кезімен байланыстырады. Түркілер өз ата-бабаларына сыйынып, әруағын еске алу үшін тас мүсіндерді қойып, қоршауды дәстүрге айналдырған. Бұған дәлел ретінде академик Ә. Марғұлан: «Тас қоршаулар тарихи адамдардың жерленген қабірі емес, оларды еске алу үшін ас беріліп, ат шаптыратын жерлерге қойылған белгі» [11, 58-б.], - деп негіздейді. Тас мүсіндердің сыртқы көрінісі онда батырлар, билер мен атақты адамдарды бейнеледі және V-VII ғғ. бізге жеткен Түрік, Түргеш және Қарлұқ, Қыпшақ мемлекеттері кезеңіне қатысты.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында анықталған тас мүсіндердің санын нақты анықтау мүмкін емес, оларды зерттеу жұмыстары әлі де өз жалғасын табуда. Дегенмен олар орталық, оңтүстік және шығыс аймақтарында кеңінен таралған. Ұзақ жылғы зерттеулер тас мүсіндердің орналасқан аймағы, саны мен ерекшеліктеріне назар аударып, есепке алуда. Бізге белгілісі Орталық Қазақстан аймағындағы тас мүсіндер саны 300-ге жетеді [21, 189-б.]. Олардың басым бөлігі, яғни 200-ден астамы түркі-қыпшақ кезеңіне тән. Ә.Х. Марғұланның зерттеулерінде тас мүсіндердің санына қатысты қызықты болжамды ұсынуға болады: «тас мүсіндердің көп бөлігін табу қиын, олар бұзылысқа немесе адамдардың әрекетінен бүлініске ұшыраған» [11, 31-б.]. Бұл болжамның дұрыстығы көптеген археологтар арасында оң көзқарас тудырады. Себебі, жыл өткен сайын тас мүсіндер табиғи және адами факторлардың әсерінен санының азаюы байқалады.

**Зерттеу нәтижесі.** Ақпарат заманында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланудың қажеттілігі бар. Себебі, ол оқушының тақырыпты түсіну, қабылдау, сыни ойлау және қызығушылығын арттыруда маңызды.

Жинақталған ақпараттар негізінде тас мүсіндерді оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу жоспарланды. Себебі, оқушының тарихи-мәдени жәдігерлер туралы білімдерін кеңейтуде оқулықтағы ақпараттардың жеткіліксіздігі анықталды және оны жаңа мәліметтермен толықтыру, жетілдіру керектігін көрсетті.

Сурет 1. Мектеп бағдарламасында тас мүсіндерді оқытудың әдістемелік жүйесі



**Оқыту нәтижесі немесе қандай дағдылары қалыптасады**

Әдістемелік жүйе 6 блоктан тұрады. Олардың әрқайсысы оқушыға тақырыпты меңгертуге, білімдерін тереңдетуге және тас мүсіндердің маңызын түсіндіруге бағытталған. Оқыту нәтижесінде оқушылардың бойында көптеген дағдылар қалыптасады. Сонымен қатар, бұл әдістеменің нәтижелі болуы оқушылардың цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып, жобалар әзірлеу деңгейіне дейін жеткізу.

Тарих пәні мұғалімдеріне оқушылардың тас мүсіндер туралы білімдерін кеңейту үшін келесі қадамдар бойынша жұмыс жасау ұсынылады:

- Оқушыларға тас мүсіндер туралы ақпарат беру. Қандай мақсатта жасалғанын, және қандай оқиғалармен байланысты екенін түсіндіру;
- Тас мүсіндердің классификациясын ұсыну;
- Тас мүсіндерді ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдар туралы ақпарат беру;
- Тас мүсіндердің қорғалуына қатысты ақпарат беру;
- Тас мүсіндерді тарихи-мәдени мұра ретінде сақтау қажеттілігі;
- Оқушыларды топтарға бөліп, тас мүсіндер туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу және өздерінің зерттеулерін сыныпқа таныстыру.

Әдістемелік жүйедегі **оқыту мазмұны** оқушының тас мүсіндер туралы білімін кеңейту және практикада қолдануға мүмкіндік береді. Оқыту мазмұны оқыту нәтижесіне бағытталған және ол оқушының зерттеушілік пен жаңа білімді меңгеру мүмкіндіктерін арттырады деп есептейміз.

Мектеп оқушыларының тарих пәнінен тас мүсіндер туралы білімдерін кеңейту үшін цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қолданудың артықшылықтарын оқыту формасы арқылы түсіндіреміз. Бұл жерде тарих пәні мұғалімі цифрлық платформаларды таңдау мүмкіндігін дұрыс пайдаланып, оқушының қажеттілігіне сайын анықтау білуі керек.

**Цифрлы платформалар.** Цифрлы платформалар оқушының білімді терең мергеруіне, оның пәнге деген қызығушылығын арттыруда қолданылатын цифрлы нысандары білім беру материалдарының жиынтығы [22, 113-б.]. Осы білім беру нысанында тас мүсіндерді оқытуға мүмкіндік беретін бірнеше цифрлық платформаларды таңдап алып, оның мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Ашық білім беру ресурстары саналатын платформаларға талдай жасаймыз:

Ең алдымен **«Enteracty»** платформасының мүмкіндіктерін қолдануға болады. Бұл платформа арқылы мұғалімдер түрлі интерактивті оқыту материалдарын жасай алады, бұл оқушылардың тарихи материалдарды жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Платформаның тиімділігіне жатады:

**Интерактивті карта:** пән мұғалімі платформада интерактивті карталар жасау арқылы, тас мүсіндердің орналасқан аймақтарын белгілей алады. Оқушылар картамен жұмыс жасау арқылы Қазақстанның оңтүстік, шығыс, орталық өңірлеріндегі тас мүсіндердің орналасқан жерлерін анықтап, сол жерден табылған жәдігерлер туралы толық ақпарат алады.

**Ойындар:** Викториналық ойындар, пазлдар мен басқа да оқу материалдарын меңгеруге қажетті сәйкестендіру тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді.

**«Curipod» платформасы.** Бұл оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне қажетті платформа. Сабақта оқушыға тас мүсіндер туралы тапсырма беріп, сол бойынша презентациялар мен таныстырылымдар әзірлеуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тарих пәні мұғалімдері бұл платформаны қолдану арқылы виртуальды саяхаттар, хронологиялық оқиғаларды қамтитын тапсырмалар мен анимациялар әзірлеуіне болады. Оқушының орындаған тапсырмасын бағалауға және білімін жақсартуға көмектеседі.

**«Google Earth» платформасы.** Бұл платформада Қазақстан аумағында кездесетін тас мүсіндердің географиялық ерекшеліктерін анықтауға болады. Платформа арқылы мұғалімдер оқушыларға тарихи оқиғалардың орналасқан жерлерін нақты көрсете алады. Бұл құрал тас



мүсіндердің, аймақтардың және маңызды тарихи нысандардың орналасқан орындарын жер бетінде нақты белгілеуге мүмкіндік береді. Google Earth визуальды және интерактивті элементтері арқылы оқу материалдарын түсінікті және қызықты етеді. Оқушылар әлемнің кез келген нүктесіне саяхаттау арқылы тарихи-географиялық білімдерін кеңейте алады.

Бұл платформада оқушыға түрлі тапсырмалар ұсынып, нәтижесін бағалауға болады. Осылай-ша цифрлы платформалардың келесідей мүмкіндіктерін бөліп көрсетуге болады:

- дербестік;
- оқушының білімі автоматты түрді шынайы бағаланады;
- Оқушылардың визуальды түсініктері қалыптасады;
- оқушы зерттеу жобаларын әзірлеуге мүмкіндік алады [23, 106-б.].

Бұл мүмкіндіктер оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетуге, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына және сыни ойлау, зерттеу, шығармашылық және коммуникативті дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық платформаларды тиімді пайдалану арқылы мұғалім-дер оқу процесін жаңашыл және қызықты ете алады.

**Оқыту құралдары.** Тарих пәні бойынша цифрлық технологияларды қолдануда оқыту құралдары маңызды рөл атқарады.

*Ғылыми кітаптар* – белгілі бір ғылым саласында терең зерттеліп жазылған еңбектер. Ол оқушыға нақты әрі сенімді мәлімет беруге көмектеседі. Тас мүсіндер туралы ғылыми еңбектерге Ә.Х. Марғұлан, Л.Н. Ермоленко, Ж.Құрманқұлов, А.Досымбаева, А.Касенова т.б. зерттеуші-лердің кітаптарын ұсынамыз.

*Онлайн ресурстар* – интернетте қолжетімді ақпараттық және білім беру материалдары. Олар түрлі форматтарда (мәтіндер, бейнематериалдар, аудиоматериалдар) болуы мүмкін және оқушыларға кең көлемде ақпарат алуға мүмкіндік береді.

*Интерактивті құралдар* – сабақ өтуде оқушылардың қызығушылығын арттыруға көмекте-сетін құрал. Ол пән бойынша ақпаратты үлкен көрнекіліктер арқылы ұсынуға, оқу материалдарын игеру және уақытты азайтуға мүмкіндік береді. Тас мүсіндер туралы тақырып өткен кезде интерактивті карта,

**«Виртуальды музей» жобасы.** Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты елімізде орналасқан музейлерге виртуальды саяхат ұйымдастыруға болады. Виртуальды музей – желілік кеңістікте бар музей туралы электронды ақпарат немесе сандық көшірмесі [24]. Бұл мектеп оқушыларының ерте көшпелі тайпалардың діни-ғұрыптық ескерткіштері туралы білімдерін толықтыру мақсатында жасалады. 5-сыныпта тарихты алғаш оқып жатқан оқушылардың тарихи-мәдени жәдігерлерді барып көру мүмкіндігі болмаған жағдайда, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері пайдаланылады.

Мектепте виртуальды музей жобасын пайдаланудың мүмкіндіктері:

- білім алудың жаңа мүмкіндігі;
- оқушы кез келген жерден интернетте қосылып, виртуальды саяхат жасай алады;
- тақырыпты қызықты әрі тереңірек түсінуге, танымдық қабілеттерін арттыруға көмектеседі;
- цифрлы технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып интерактивті оқытудың кең мүмкіндігі;
- интеграцияланған білім беру құралы ретінде оқушылар жобалық жұмыстарды орындауға қатысады, ақпарат жинайды [25, 93-б.].

**Жобалап оқыту технологиясы.** Бұл технологияны пайдалану арқылы оқушылар тас мүсіндерге қатысты жоба жұмыстарын орындауға мүмкіндік алады. Бұл оқушылардың тарих пен мәдениет саласында ғылыми жобалар орындауына мүмкіндік береді. Оқушылардың тас мүсіндер бойынша жоба жұмыстарын орындауға арналған тақырыптар ұсынып, қажетті ғылыми еңбектерді беру арқылы жоба жұмысын әзірлеуге болады.

Жалпы, мектеп оқушыларының жоба жұмыстарын орындау, қорғау бойынша көптеген байқауларға қатыстырудың үлкен маңызы бар. Бұл арқылы біз оқушылардың зерттеушілік, ғылыми-ізденушілік және шығармашылық қабілетін арттыра аламыз. Бұл оқушылар арасында өзінің тәжірибесімен бөлісуге, жаңа идеяларын ұсынуға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Тас мүсіндер ғұрыптық өнер ескерткіштері ретінде Қазақстан аумағында мекен-деген сақ, сармат, қаңлы, түркі, қыпшақ т.б. түркі мемлекеттерінің көшпелі халықтарынан қалған тарихи жәдігер. Ол түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, рухани құндылықтарынан хабар береді. Оқушыларға бұл ескерткіштерді оқыту, зерттеу арқылы түркі халықтарының ғұрыптық жерлеу дәстүрі туралы толыққанды ақпарат алуға болады және оның танымдық мүмкіндіктері бар.

1. Тарих пәні бойынша тас мүсіндерді оқытудың әдістемелік жүйесі оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне, ақпараттарды жүйелі түрді қабылдауына ықпал етеді. Пән мұғалімі әдістеме-лік жүйе шеңберінде оқытудың мақсатын анықтау, оның нәтижесіне дейін жете алады;

2. Тас мүсіндерді оқытудағы цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін пайдаланып, пән мұғалімі сабақты қызықты түрде оқыта алады. Сонымен қатар, оқушыларға ұсынылған ақпараттар олардың зерттеушілік қабілеттерін арттыруға бағытталады. Нәтижесінде оқушылар өздерінің зерттеу жобаларын әзірлеуге мүмкіндік алады;

3. Тас мүсіндердің түркі халықтарының діни-ғұрыптық, наным-сенімдерінен хабар беретін жәдігер ретіндегі рөлін оқушыға түсіндіру арқылы олардың тарихи-мәдени ескерткіштерге деген құрметін қалыптастыруға, мәдени құндылықтарды бағалау және қорғау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шматко Н.А., Пермякова В.А. Технологические и гуманитарные тренды в образовании / *Официальный сайт: issek.hse.ru* // URL: <https://issek.hse.ru/mirror/pubs/share/755466775.pdf>

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекіту туралы 28.03.2023 ж. №249 қаулысы // *Ресми сайт: adilet.zan.kz* / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z29>

3. Раманқұлова Г. Тоқаев: Қазақстан тарихы бойынша бірыңғай оқулық әзірлеуді тапсырамын // *Официальный сайт: baq.kz.* 26.01.2021. URL: <https://baq.kz/news/othernews/tokaev-kazakstan-tarihy-boynsha-biryngay-okulyk-azirleudi-tapsyramyn/>

4. Глазырина Т.Н. *Методика преподавания истории: учеб.-метод. комплекс для студентов специальности «История».* – Новополоцк: ПГУ, 2011. – 356 с.

5. *Пять мировых трендов в образовании, за которыми будущее* // *Официальный сайт: informburo.kz.* 24.11.2022. URL: <https://informburo.kz/stati/pyat-mirovyx-trendov-v-obrazovanii-za-kotorymi-budushhee>

6. Токарева В.И. *Использование цифровых образовательных ресурсов на уроках* // *Педагогическое образование на Алтае.* – 2012. №1. – С. 261-263.

7. Димова Н.В. *Электронные образовательные ресурсы в практике учителя истории и обществоведения* // *Цифровая трансформация образования: сборник тезисов докладов 1-й науч.-практ. конференции.* – Минск: Главный информационно-аналитический центр Министерства образования РБ, 2018. С. 78-81.

8. Рябова М.М. *Использование цифровых образовательных ресурсов на уроках истории* // *Педагогическое образование и цифровая революция: теоретические и практические аспекты: сборник материалов XI учеб.-метод. конференции.* – Орехово-Зуево: ГГТУ, 2018. – С. 97-101.

9. Куцева Е.А. *Цифровые образовательные ресурсы в школьном историческом образовании* // *Поволжский педагогический вестник.* – 2020. – Т. 8. – №3(28). – С. 113-121.

10. Ермоленко Л.Н., Касенова А.Д., Вклад А.Х. Маргулана в изучение древней каменной скульптуры Центрального Казахстана // *Вестник Кемеровского государственного университета.* – 2014. – №3 (59). – Т. 2. – С. 20-23.

11. Марғұлан Ә.Х. *Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер* // *Ежелі мәдениет куәлары.* – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1966. – Б. 8-52.

12. Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К. Серия новых кыпчацких изваяний из Сары-арки // Вестник КемГУ. – 2013. №3(55). – Т. 4. – С. 18-23.
13. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей. – Новосибирск: Изд-во Института археологии и этнографии СО РАН, 2004. – 133 с.
14. Досымбаева А. Культурный комплекс тюркских кочевников Жетысу. II в. до н.э. – V в. н.э. – Алматы, 2007. – 216 с.
15. Байбосынов К. Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер: фото-альбом. – Алматы: Өнер, 1996. – 176 б.
16. Касенова А.Д. Изучение тюркских каменных изваяний Сарыарки на современном этапе // Поволжская археология. – 2019. – №2(28). – С. 47-60.
17. Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. – М.: Изд-во Моск. ун-та., 1969. – 211 с.
19. Қасенова А.Д., Манапова Ә.М. Сарыарқаның тас мүсіндері: зерттелуі мен талдануы // ал-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы: тарих сериясы. – 2022, №3(106). – Б. 183-190.
19. Құрманқұлова Ж., Ермоленко Л.Н., Касенова Ә.Д. Орталық Қазақстанның тас мүсіндері (зерттелу тарихы). II т. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2021. – 128 б.
20. Досымбаева А., Нускабай А. Тюркский археолого-этнографический комплекс Кумай. – Астана, 2012. – 146 с.
21. Қасенова А.Д., Манапова Ә.М. Сарыарқаның тас мүсіндері: зерттелуі мен талдануы // ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы: тарих сериясы. – 2022. №3(106). – Б. 183-190.
22. Куцева Е.А. Цифровые образовательные ресурсы в школьном историческом образовании // Поволжский педагогический вестник. – 2020. – Т. 8. №3(28). – С. 113-121.
23. Груздева М.Л., Феофанова Т.Д. Возможности использования цифровых платформ в образовании // Современные наукоемкие технологии. – 2022. – № 6 – С. 104-108.
24. Гордеева Н. Виртуальный музей – феномен современной культуры / Официальный сайт: [vinchi-interactive.ru](https://vinchi-interactive.ru) URL: <https://vinchi-interactive.ru/journal/virtualnyij-muzej-fenomen/> (Дата рассмотрения: 02.07.2024)
25. Мудракова О.А., Орлова С.П. Виртуальный школьный музей как средство историко-патриотического воспитания обучающихся // Информационное общество: образование, наука, культура и технологии будущего. Выпуск 6 (Труды XXV Международной объединенной научной конференции «Интернет и современное общество». – СПб.: Университет ИТМО, 2022. – С. 88-99.

#### Reference:

1. Shmatko N.A., Permyakova V.A. Tekhnologicheskie i gumanitarnye trendy v obrazovanii [Technological and humanitarian trends in education] URL: <https://issek.hse.ru/mirror/pubs/share/755466775.pdf> [In Kazakh]
2. Qazaqstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tekhnikalq zhane kasiptik bilim berudi damytudyn2023-2029 zhyldarga arналған tyzhyrymdamasy bekitu 28.03.2023. №249 qaulysy [The concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029 Resolution No. 249 of 28.03.2023 on approval ]// URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z29> [In Kazakh]
3. Ramanqylova G. Tokaev: Qazaqstan tarihy boiynsha birynai oqulyq azirleudi tapsyramyn [Tokayev: I instruct to develop a single textbook on the history of Kazakhstan] // Sait: [baq.kz](https://baq.kz). 26.01.2021. URL: <https://baq.kz/news/othernews/tokaev-kazakhstan-tarihy-boiynsha-birynqay-okulyk-azirleudi-tapsyramyn/> [In Kazakh]
4. Glazyrina T.N. Metodika prepodavaniya istorii: ucheb.-metod. kompleks dlya studentov special'nosti «Istoriya» [Methods of teaching history: studies.- the method. a complex for students of the specialty "History"]. Novopolock: PGU, 2011. 356 s. [In Russian]
5. Pyat' mirovyh trendov v obrazovanii, za kotorymi budushchee [Five global trends in education, which are the future] // Oficial'nyj sajt: [informburo.kz](https://informburo.kz). 24.11.2022. URL: <https://informburo.kz/stati/pyat-mirovyx-trendov-v-obrazovanii-za-kotorymi-budushchee> [In Russian]

6. Tokareva V.I. *Ispol'zovanie cifrovyyh obrazovatel'nyh resursov na urokah [Using digital educational resources in the classroom]* // *Pedagogicheskoe obrazovanie na Altae*. 2012. №1. S. 261-263. [In Russian]
7. Dimova N.V. *Elektronnyye obrazovatel'nye resursy v praktike uchitelya istorii i obshchestvovedeniya [Electronic educational resources in the practice of history and social studies teachers]* // *Cifrovaya transformatsiya obrazovaniya: sbornik tezisov dokladov 1-j nauch.-prakt. konferencii*. Minsk: 2018. S. 78-81. [In Russian]
8. Ryabova M.M. *Ispol'zovanie cifrovyyh obrazovatel'nyh resursov na urokah istorii [Using digital educational resources in history lessons]* // *Pedagogicheskoe obrazovanie i cifrovaya revolyuciya: teoreticheskie i prakticheskie aspekty: sbornik materialov XI ucheb.-metod. konferencii. – Orekhovo-Zuevo: GGTU*, 2018. S. 97-101. [In Russian]
9. Kuceva E.A. *Cifrovyye obrazovatel'nye resursy v shkol'nom istoricheskom obrazovanii [Digital educational resources in school historical education]* // *Povolzhskii pedagogicheskii vestnik*. 2020. T. 8. №3(28). S. 113-121. [In Russian]
10. Ermolenko L.N., Kasenova A.D. *Vklad A.H. Margulana v izuchenie drevnej kamЕННОй skul'ptury Central'nogo Kazakhstana [Contribution of A.H. Margulan to the study of ancient stone sculpture in Central Kazakhstan]* // *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta*. 2014. №3(59). S. 20-23. [In Russian]
11. Mapgylan A.H. *Ulytau toniregindegi tas mysinder [Ulytau toniregindegi tas musinder]* // *Ezheli madeniet kualapy*. Almaty: «Kazakhstan», 1966. B. 8-52. [In Kazakh]
12. Ermolenko L.N., Kurmankulov Zh.K. *Seriya novyyh kypchakskikh izvayanii iz Sary-arki [A series of new Kipchak sculptures from Sary-Arka]* // *Vestnik KemGU*. 2013. №3(55). S. 18-23. [In Russian]
13. Ermolenko L.N. *Srednevekovyye kamennyye izvayaniya Kazahstanskikh stepei [Medieval stone sculptures of the Kazakh steppes]*. Novosibirsk, 2004. 133 s. [In Russian]
14. Dosymbaeva A. *Kul'turnyy kompleks tyurkskikh kochevnikov Zhetysu. II v. do n.e. [The cultural complex of the Turkic nomads of Zhetysu. II century BC – V century AD.]*, Almaty, 2007. 216 s. [In Russian]
15. Baibosynov K. *Zhambyl onirindegi tas mysinder: foto-al'bom [Stone sculptures in Zhambyl region: photo album]*, Almaty, 1996. 176 b. [In Kazakh]
16. Kasenova A.D. *izuchenie tyurkskikh kamennykh izvayanii Saryarki na sovremennom etape [The study of the Turkic stone sculptures of Saryarka at the present stage]* // *Povolzhskaya arheologiya*. 2019. №2(28). S. 47-60. [In Russian]
17. Kyzlacov L.P. *Ictopiya Tuvy v cpednie veka [The history of Tuva in the Middle Ages]*, M.: Izd-vo Mock. un-ta., 1969. 211 c. [In Russian]
18. Kacenova A.D., Manapova A.M. *Saryarkany tas mysinderi: zerttelui men taldamuy // al-Farabi atyndagy KazYU habarshysy: tarih seriyasy*. 2022, №3(106). B. 183-190. [In Kazakh]
19. Kurmankulova Zh., Ermolenko L.N., Kasenova A.D. *Ortalyq Qazaqstannyn tas mysinderi (zerttelu tarihy). II t. Almaty, 2021. 128 b. [In Russian]*
20. Dosymbaeva A., Nuskabai A. *Tyurkski arheologo-etnograficheskii kompleks Kumai [The Turkic archaeological and ethnographic complex Kumai]*, Astana, 2012. 146 s. [In Russian]
21. Kasenova A.D., Manapova A.M. *Saryarkany tas musinderi: zertelui men taldanui [Stone sculptures of Saryarka: study and analysis]* // *Bulletin of Al-Farabi Kaznu: history series*. 2022. №3(106). P. 183-190. [In Kazakh]
22. Kuceva E.A. *Cifrovyye obrazovatel'nye resursy v shkol'nom istoricheskom obrazovanii [Digital educational resources in school historical education]* // *Povolzhskij pedagogicheskij vestnik*. 2020. №3(28). S. 113-121. [In Russian]
23. Gruzdeva M.L., Feofanova T.D. *Vozmozhnosti ispol'zovaniya cifrovyyh platform v obrazovanii // Sovremennyye naukoemkie tekhnologii*. 2022. №6. S. 104-108. [In Russian]
24. Gordeeva N. *Virtual'nyj muzej – fenomen sovremennoj kul'tury // URL: <https://vinchi-interactive.ru/journal/virtualnyij-muzej-fenomen/> (Data rassmotreniya: 02.07.2024)* [In Russian]
25. Mudrakova O.A., Orlova S.P. *Virtual'nyj shkol'nyj muzej kak sredstvo istoriko-patrioticheskogo vospitaniya obuchayushchihsya [Virtual school Museum as a means of historical and*

*patriotic education of students] // Informacionnoe obshchestvo: obrazovanie, nauka, kul'tura i tekhnologii budushchego. (Trudy XXV Mezhdunarodnoi ob"edinennoi nauchnoi konferencii «Internet i sovremennoe obshchestvo». SPb.: Universitet ITMO, 2022. S. 88-99. [In Russian]*